

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті

Әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар факультеті

Журналистика кафедрасы

**ЖУРНАЛИСТИКА ЖӘНЕ АҚПАРАТ ДАЯРЛАУ
бағыты бойынша
АКАДЕМИЯЛЫҚ КОМИТЕТ МӘЖІЛІСІНІҢ
№1 ХАТТАМАСЫ**

19 қаңтар 2024 жыл

Түркістан қаласы

Қатысқандар: ф.ғ.к., доцент м.а. Бельдибекова Ә., ф.ғ.к., профессор Сердәлі Б., аға оқытушы Сәдібеков А., «Түркістан» газетінің редакторы Дәулетов М., студент Тәжібай Н., студент Абдимутали Е.

Күн тәртібінде:

1. Дуальды оқыту жүйесі бойынша «Түркістан» медиа холдингімен бірлескен келісім-шарттар жасасу
2. ББ тізілімдемесіне ұсынылған сарапшылардың ескертулері мен ұсыныстарына түзету әрекеттерін жасау
3. Қаңтар айында атқарылған іс шаралар нәтижесін талдау

Тыңдалды:

Профессор Сердәлі Б: Дуальды оқыту жүйесі бойынша «Түркістан» медиа холдингімен бірлескен келісім-шарттар жасасу туралы мәселе талқыланды. Бүгінгі таңда «Түркістан» медиа холдингімен өзара меморандумымыз бар. «Түркістан» арнасында дуальды оқыту дәрісханасы ашылды. Онда магистр-оқытушы С.Сүлей сабақ кестесі бойынша дәріс өткізуде. Студенттер дәріс тыңдап қана қоймай, тікелей телеарнада тәжірибе алып, түсірілім, монтаж дағдыларын қалыптастыруда.

Доцент Ә.Бельдибекова: ББ тізілімдемесіне ұсынылған сарапшылардың ескертулері мен ұсыныстарына түзету әрекеттері жасалды. Олар өзін-өзі бағалау анықтамасына жазылды.

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті (университет жарғысы бойынша қысқартылған атауы-Ахмет Ясауи университеті) Қазақстан Республикасы Президентінің 1991 жылғы 6 маусымдағы №329 Жарлығымен құрылды. 1992 жылғы 31 қазанда Анкара қаласында Қазақстан Республикасы мен Түркия Республикасының Үкіметтері арасында "Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік

университетін құру туралы" келісімге қол қойылды. Ежелгі қаланың ерекше геосаяси орналасуын және оның түркі халықтарының мойындалған рухани орталығы ретіндегі маңыздылығын ескере отырып, университетті құрудың негізгі мақсаты қазіргі заманғы жоғары білікті мамандарды даярлаумен қатар Түркістан қаласын – түркітілдес халықтардың ежелгі ғылым және мәдениет орталығын жаңғырту және дамыту болды.

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Түркия Республикасының Үкіметі арасындағы Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің 2009 жылғы 22 қазандағы қызмет шарттары туралы келісім Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 9 қаңтардағы №531-IV Заңымен ратификацияланды https://ayu.edu.kz/wp-content/uploads/2019/01/soglashenie.kaz_.pdf. келісім үкіметаралық Жарғыға өзгерістер енгізу кезінде өкілеттік, жауапкершілік, кадрлар беру процесінде туындайтын мәселелерді реттейді Университеттің өкілетті кеңесі. Қазақстан мен Түркия арасындағы тарихи келісім, "Ахмет Ясауи университеті қызметінің қағидаты туралы" шартқа қол қою университеттің ерекше рөлін атап көрсетеді.

Университеттің бастапқы жарғысын Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Түркия Республикасының Үкіметі 1993 жылғы 30 Маусымда бекітті, ал қолданыстағы Жарғы Үкіметаралық Өкілетті Кеңестің шешімімен 2012 жылғы 28 наурызда бекітілді және Қазақстан Республикасының Оңтүстік Қазақстан облысының Әділет басқармасында тіркелді <https://ayu.edu.kz/wp-content/uploads/2019/02/ustav-2019.pdf>.

"Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті" мекемесінің 2012 жылғы 03 ақпанда берілген № АБ 0137408 мемлекеттік лицензиясы бар (Рег. №990440008043 28.09.2012) <https://ayu.edu.kz/normativno-pravovaja-baza>, Жарғы негізінде әрекет етеді.

2023 жылдың сәуір айында университет тәуелсіз аккредиттеу және рейтинг агенттігінде (IAAR-NAAP) институционалдық аккредиттеуден сәтті өтті https://ayu.edu.kz/wp-content/uploads/2023/05/mktu-imeni-hodzhi-ahmeda-jasavi_page-0001.jpg

6B03279 - "цифрлық медиа және телерадиожурналистика" білім беру бағдарламасы бойынша кадрларды даярлау 2022 жылдан басталды. Осы мамандық бойынша бітіруші кафедра "Журналистика" кафедрасы болып табылады. Бейіндік пәндер бойынша білім беру бағдарламасына 1 профессор және 3 ғылым кандидаты, 1 phd докторы, М. А. доценттер қызмет көрсетеді. Кафедра сонымен қатар ғылыми-практикалық және әдістемелік зерттеулер жүргізеді. Кафедраның ПОҚ алыс шет елдерде-АҚШ, Түркияда тағылымдамадан өтті. Кафедрада заманауи материалдық-техникалық база бар.

6B03279 "цифрлық медиа және телерадиожурналистика" ББ ЕСУВО білім беру бағдарламаларының тізіліміне енгізілген. <https://erpvo.kz/#/user/rep/submissions/application/49115> осы білім беру бағдарламасы бойынша мамандардың алғашқы бітіруі 2026 жылы болады.

ББ шеңберінде өзін-өзі бағалау рәсімі кезінде 27 білім алушы оқытудан өтеді. Оның ішінде: білім беру гранты бойынша 22 студент, түрік квотасы бойынша 1 студент 4 студент - коммерциялық негізде.

Сәдібеков А. Қаңтар айында атқарылған іс шаралар нәтижесі талданды. Қанағаттанарлық деп табамын.

Шешім:

1. Дуальды оқыту жүйесі бойынша «Түркістан» медиа холдингімен бірлескен келісім-шарттар негізінде жүргізілетін дәрістер саны арттырылсын.
2. ББ тізілімдемесіне ұсынылған сарапшылардың ескертулері мен ұсыныстарына түзету әрекеттерін жасау кафедра меңгерушісі Ө.Бельдибековаға тапсырылсын.
3. Қаңтар айында атқарылған іс шаралар нәтижесі назарға алынсын

Мәжіліс төрағасы:




Б. Сердәлі

Хатшысы

А.Сәдібеков